

«Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан тұлғаларды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ тұлғаларды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы, мертігуден болмаса денсаулығын өзге де зақымданудан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі тұлғаларды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2017 жылғы 04 тамыздағы №78 бұйрығына өзгерту енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

«Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан тұлғаларды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ тұлғаларды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы, мертігуден болмаса денсаулығын өзге де зақымданудан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі тұлғаларды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2017 жылғы 04 тамыздағы №78 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15639 санымен тіркелген) келесі өзгерту енгізілсін:

Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан адамдарды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ тұлғаларды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы,

мертігуден болмаса денсаулығын өзге де зақымданудан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі тұлғаларды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналасуын;

3) осы бұйрықтың көшірмесін, құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне жұмыста пайдалану үшін, сонымен қатар Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдануын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ресми жариялауға және қолданысқа енгізуге жатады.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ. Нұрдәулетов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ішкі Істер министрлігі